

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: _____

БЕКІТЕМІН:

Мынжасарова Г.А



ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-
балабақшасы
ОРТАҢҒЫ «НҰРШУАҚ» ТОБЫ (3 жастағы
балалар) бойынша Музыка жетекшісінің 2023 - 2024
оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-

Музыка жетекшісі: Абишова Бибігүл

**ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
ОРТАҢҒЫ «НҰРШУАҚ» ТОБЫ (3 жастағы балалар) бойынша
Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ
ЖОСПАРЫ**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	<i>Музыка</i>	Музыка тындау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау; - түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тындау, есте сақтау. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; - әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.
ҚАЗАН	<i>Музыка</i>	Музыка тындау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл-күй танытады; - балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - әуен сипатына үн қосу, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.
ҚАРАША	<i>Музыка</i>	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру,

		шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - музыканы эмоционалдық көңіл-күймен қабылдауға баулу; музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
ЖЕЛТОҚСАН	<i>Музыка</i>	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - музыканы эмоционалдық көңіл-күймен қабылдауға баулу; музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ре (ми) — ля (си) диапазонында, бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен

		секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес ырғақтық қимылдар орындау.
ҚАҢТАР	<i>Музыка</i>	- музыкаға және бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауды дамыту; - музыканы эмоционалдық көңіл-күймен қабылдауға баулу; музыкалық жанрлармен таныстыру. Музыка тыңдау. Барабан, металлофон сияқты музыкалық ойыншықтар мен аспаптардың дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ре (ми) — ля (си) диапазонында таза, анық айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу: аю — қорбандап жүреді, қоян — секіреді, құстар — ұшады.
АҚПАН	<i>Музыка</i>	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауды дамыту; - музыкалық жанрлармен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау, әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспап сүйемелдеуімен, ересектердің дауысына ілесе отырып бірге айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

		Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі жеткізу.
НАУРЫЗ	<i>Музыка</i>	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылық қалыптастыру; - музыканы эмоционалдық қабылдауға баулу. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білу. Ән айту. Аспап сүйемелдеуімен бірге айту, әнді бірге бастау және аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Қазақ би қимылдарының элементтерін орындау.
СӘУІР	<i>Музыка</i>	- өнерге қызығушылықты қалыптастыру; - музыканы эмоциялық қабылдау. Музыка тыңдау. Балалар аспаптары мен ойыншықтарының дыбысталуын ажыратуға үйрету; ересектер орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдау. Ән айту. Ре-ля диапазонында таза айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Таныс би қимылдарын өз бетінше орындау; музыкалық сүйемелдеумен билеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.
МАМЫР	<i>Музыка</i>	- өнерге қызығушылықты қалыптастыру; - музыка құралдарын (дауыс, қарқын, көңіл-күй) ажырата білу. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын анықтау: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды-көңілді).

		Ән айту. Аспап сүйемелдеуімен бірге айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас, барабанмен таныстыру; металлофонда бір пластинада ырғақ қағу дағдыларын қалыптастыру.
--	--	---

Музыка жетекшісі: *Абишова Бибігүл*



Тексерген

Әдіскер: *Альжанова Ақмарал Хасенқызы*

